

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА
АКАДЕМИЯСЫ**

***Мейірбике ісі кафедрасы Анестезиология және
реаниматология курсы***

3-кредит

Тақырыбы: Дені сау бала.Балалық шақ кезеңдері.

Орындаған: Қошқар Г

Тобы: 203 б МІҚ

Қабылдаған: Даткаева А



Жоспар

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1. Балалық шақ кезеңдері.

*2. Балалар денсаулығын қалыптастырушы
факторлар*

3. Дені сау бала.

III Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе

Балалық шақ — адам өмірінің туғаннан бастап жасөспірімдік (13 — 14 жас) кезеңге дейінгі атауы. Педагогикада Балалық шақ негізгі кезеңдерге ажыратылады. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың өзі нәрестелік, бөбектік, сәбилік, естияр-балдырғандық деп бөлінеді. Бұлар балабақшадағы топтарға сәйкес: үш жасқа дейін бөбектік, үш пен беснің арасы сәбилік, бес пен жеті жас арасы естиярлық, бүлдіршіндік болып бөлінеді. Оқыту мен тәрбие процесінің негізгі кезеңдеріне және балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес жеті мен он жеті жастың аралығы мектептік шақ деп аталады.

Өсу және даму - әрбір жеке ағзаға тән қасиеттердің бірі. Өсу мен даму кезінде ұлпалар мен мүшелерде сандық және сапалық күрделі өзгерістер байқалады. Адам ағзасының өсуі мен дамуында негізінен 2 кезеңді ажыратады. Бірінші *ұрықтық даму* (эмбриональдық). Бұл ағзаның ұрықтанған жұмыртқа жасушасынан бастап, туғанға дейінгі уақытты қамтиды. Ұрықтық даму анасының ішінде, яғни жатырда өтеді. Екіншісі - туғаннан бастап, өз тіршілігін жойғанға (өлгенге) дейінгі кезең. Әрбір ағзаның жеке дамуын ғылыми тілде онтогенез (гр. *онтос* — жекелей, *генес* - шығу тегі) дейді. Адамның туғаннан кейінгі жеке дамуында бірнеше кезеңдерді ажыратады.

Нәрестелік кезең. Нәрестенің дүниеге келген күнінен бастап, 28-күнге дейінгі уақыт аралығы осылай аталады. Бұл кезде жана туған нәрестенің барлық мүшелері және мүшелер жүйесі өз алдына (анасының ағзасына байланыссыз) қызмет атқарып, өзара іс-әрекет жасайды. Мысалы, жылуды реттей алады. Тынысалу, ему, көзін жыпылықтату және басқа рефлексстерді өздігінен «іске қосады». Сондықтан бұл уақыт аралығы нәрестелік кезең деп жеке қарастырылады.





Емшектік кезең. Мұнда нәресте анасынан нәрлі уыз сүтін емеді. Уыз сүтінде нәрестенің ағзасына қажетті тағамдық заттар өте мол. Сондықтан да «уызына жарыған ұлылыққа ұмтылар, азамат боп өседі, ізгілікке құнты бар» деген халық нақылында терең тұжырым бар. Ана сүтін ешбір тағаммен теңестіруге болмайды. Ана сүті жетіспеген жағдайда ғана, 6-7 айдан бастап, қосымша тамақтандыруға болады. Бұл кезеңде сәбидің көп уақыты ұйқымен өтеді. Тамақ қажет болғанда, оянады. Емшектік кезеңде тамақ беру уақытын және тазалықты мұқият сақтау қажет. Олай болмаған жағдайда ұйқысы бұзылады, мазасыз болады, асқорытуы ауытқиды. Емшектік кезеңде нәресте қарқынды өседі. Қозғалыс әрекеттері дамиды: мойыны бекиді, отырады, еңбектейді, жүруге талпынады. Бұл кезеңде сүт тістері шыға бастайды, жеке сөздерге тілі келеді. Омыртқа бағанында иілімдер пайда болады. Қол-аяқ бұлшықеттері де дами бастайды. Нәресте денесін шынықтыруға жүйелі түрде шомылдырудың және таза ауада серуендеудің маңызы зор. Нәресте денесін де, мінез-құлығын да дамытуда қайталау және жүйелілік ережелерін есте сақтау қажет. Мұның бәрі де тамақтануға, ұйқыға және т. б. байланысты шартты рефлексстердің дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді.

Трудное вскармливание – самое лучшее!

Основные принципы успешного кормления грудью:

- ♥ Начинать грудное вскармливание в течение первого часа после рождения ребенка.
- ♥ Давать ребенку грудь по его требованию, в том числе и в ночное время.
- ♥ Кормить только грудью от рождения до 6-и месяцев.
- ♥ Продолжать грудное вскармливание до 1-2-х лет, вводя дополнительно необходимое возрасту питание.
- ♥ Не использовать средства, имитирующие грудь матери (соски, пустышки).

Министерство здравоохранения и социального развития Российской Федерации
Научно-практический центр по пропаганде, поддержке и поощрению грудного вскармливания



Каждому ребенку – здоровье, образование, равные возможности и будущее.
НА ПУТИ К ГУМАНИЗМУ ИЩУ

Fialki.ru





Мектепке дейінгі сәбилік кезең. Бұл кезеңде жаңадан көптеген қозғалысқа байланысты дағдылар қалыптасады. Сәби еркін жүреді, сөйлейді. Айналасындағы заттарға әуестігі артады, әр нәрсені білгісі келеді. Ойлау қабілеті дамиды. Жаңадан шартты рефлексдер қалыптасады. Сүт тістері (20) толық шығып үлгіреді.



Мектепке дейінгі естияр кезең. Бұл кезенді кейде мектеп жасына дейінгі кезең деп те атайды. Бұл кезеңде баланың айналасындағы болып жатқан жағдайларға қызығушылығы артады. Бұл не? деген сұрақтарға жауап іздейді. Ми көлемі артып, дами түседі. Анық сөйлейді. Бұл кезеңде бала үшін әр түрлі ойынның маңызы зор. Ойын арқылы денесі өседі, көңіл күйі қалыптасады. Әсіресе, қимыл-өрекеті қажет ететін ойындар арқылы қаңқасы мен бұлшықеттері дұрыс жетіле түседі.



Мектеп жасындағы ересек кезең. Баланың іс-әрекетінде сапалық өзгерістер байқалады. Бұл негізінен баланың мектепке баруымен тікелей байланысты. Енді бала мектеп тәртібіне бағынуға байланысты іс-әрекеттерге талпынады. Жаңа дағдылар қалыптасады, жауапкершілікті, тәртіпті сезінеді. Ойлау қабілеті дами бастайды. Бойларының ұзындығы шамамен - 140-150 см, салмағы 30 килодан артады.



Жасөспірімдік кезең. Баланың өсуі мен дамуында жаңа өзгерістер пайда болады. Ұлдар мен қыздардың дене бітімінде бірінен-бірінің айырмашылықтары айқын байқалады. Мұның бәрі де жыныстық жетілуімен тікелей байланысты. Қыздарда алғашқы етеккір 12-13 жаста басталады. Денесі өседі, бұлшықеттері дамиды, тері астындағы май қабаты қалыңдай түседі. Кеудемен тынысалу түрі айқын білінеді және т. б. Ұлдардың дауысы жуандайды, көмекейі айқын байқалады. Жыныс мүшелері өседі, сақал-мұрт шыға бастайды және т. б. Зат алмасу қарқындығы артып, қозғалыс әрекеттердің үйлесімділігі жетіледі. Барлық физиологиялық үдерістер жедел жүреді.



Балғын жастық (бойжеткен, бозбала) кезең. Барлық мүшелері мен мүшелер жүйесінің қалыптасуы толығымен жетіледі. Жүйке жүйесі мен ішкі секреция бездерінің қызметі бірімен-бірі үйлесімді жүреді. Ағзадағы барлық физиологиялық үдерістердің жүруінде, мінез-құлық әрекеттерін басқаруда ми қыртысының реттеу қызметі артады. Тежелу үдерісінің басымдылығы байқалады. Эстетикалық көңіл күйі, ақыл-ой, жауапкершілігі және т. б. қасиеттер толық қалыптасады. Адамның дене еңбегі мен ой еңбегінің жұмыс істеу қабілеті де арта түседі. Жеке мүшелерінің өсуі тоқтайды. Жыныстық тұрғыдан да толық жетіледі.



Балалар денсаулығын қалыптастырушы факторлар

Қолайсыз факторларға халықтың барлық топтарының ішінде, қолайсыз факторларға, негізінен аналар мен балалардың организмдері өте сезімтал келеді. Балалардың денсаулығын қалыптастыратын негізгі факторлар мыналар:

1. Ата-аналардың денсаулығы мен конституциясына әсер етуші (әсіресе аналарға жүкті болғанға дейін әсер ететін) факторлар;
2. Генетикалық (тұқым қуалағыштыққа әсер етуші) факторлар;
3. Ауаның, судың, топырақтың санитарлық-гигиеналық сипаты;
4. Тамақтану жағдайы;
5. Жанұя тұрмыстық факторлар: жанұяның құрамы, тұратын мекен жайдың сипаттамасы, орташа кіріс мөлшері, жанұя тұрмысы және сәбидің күтімі, жанұяның психологиялық климаты, зиянды әдеттердің (шылым шегу, арақ құмарлық т.с.с.) болуы;
6. Сәбидің мектепке дейінгі мекемелерде болу жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаты.




Іс жүзінде өсіп келе жатқан организмдердің денсаулық жағдайы мен өсіп, дамуына ең көбірек әсер ететін әлеуметтік-гигиеналық факторлардың практикалық мақсатқа арнап шартты түрде жасалған жіктемесін (А.Г.Сухарев) қолдануға болады:

Қолайлы факторлар:

- а) ең жақсы қимыл-қозғалыс тәртібі;
- б) шынығу;
- в) дұрыс, балансты тамақтану;
- г) рационалды күн тәртібі;
- д) қоршаған орта әсерінің гигиеналық нормаларға сәйкес болуы;
- е) гигиеналық дағдылар және дұрыс тұрмыс-қалыпта өмір сүру.





Қолайсыз факторлар ("қауыптілік" факторлары):

- а) қимыл-қозғалыс қажеттілігінің жеткіліксіздігі, немесе шамадан тыс жоғары болуы;
- б) оқу-тәрбие процесстерінің және күн тәртібінің бұзылуы;
- в) ойын, оқу және еңбек іс-әрекеттеріне қойылатын гигиеналық талаптардың орындалмауы;
- г) тамақтануды ұйымдастырудағы кемшіліктер;
- д) гигиеналық дағдылардың болмауы, зиянды әдеттермен айналысу;
- е) жанұядағы және балалар ұжымдарындағы қолайсыз психологиялық климат.



Балалық шақ кезеңінің ерекшелігі.

Балалық шақ кезеңінің (1-3 жас) бір қатар сапалы, физиологиялық және психикалық ерекшеліктері бар, ол тәрбиелеудің әдістері мен маңызын анықтайды және осы жастағы балалар үшін арнайы жағдайларды жасауды талап етеді.

Балалық шақтың ерекшелігі:

1) *Дене және психикалық дамудың қарқындылығы.* Бала өмірдің бірінші кезеңінде өз салмағын еселейді, бойы орташа 25 см. өседі, кейінгі 2 жылда салмағы мен бойының өсу қарқыны қысқарады: екінші жылда ол 11 см өсіп, салмағы 2,5-3 кг артады; үшінші жылда бойы 8 см, салмағы- 1,5-2 кг артады.

11-12 айда бала өз еркімен жүре бастайды, 6-10 сөз айтады, 2 жасында – 200 - 300 сөз, 3 жасында 1200-1500 сөзге дейін. Бала қарапайым мінез-құлық ережесін меңгеріп, оның құштарлығы, дағдысы, талғамы қалыптасады.

2) *Бала организмі қамкөңілдігінің артуы, органдар мен жүйенің жеткіліксіз морфологиялық жетілуі.* Дамудың тез қарқыны, қолайсыз фон күйінде болады – организм дамымаған кезде, бұл оның ренжігіштігін арттырады. Көп жағдайда балалар ішкі органдар іс-әрекетінің жетілмеушілігіне шалдығады. Бұған қоса, олар тез шаршайды, бір әрекеттен басқа әрекетке ауысуы қиын, жоғары қозғыштықтарымен ерекшеленеді.





Өмірдің бірінші жылында балалардың бастапқы білуі.

Әрбір жас ерекшелік кезінде даму жетістігін анықтайтын, сол және басқа жас кезеңде ғана емес, келесі дамуға қолайлы негіз болатын маңызды бастапқы білу байқалады.

Өмірдің бірінші жылында балалардың бастапқы білуі:

1) Бірінші 3 айда *көру, есту және эмоционалды реакция дамуы* жүзеге асырылады. Баланың көру зейіні 8-14 күнде туындайды. Басында заттың қозғалған ой өрісіне. 1 айдың соңы – 2 айдың басында ол қозғалмайтын заттарға, онымен сөйлесіп отырған адамның бетіне зейін қояды. 2-2,5 айында бала ілулі тұрған ойыншыққа ұзақ қарайды және төңірегіндегілердің қозғалысын бақылайды.





Дыбысқа құлақ түру 9-10 күнде байқалады. 1 айында өте ұзақ құлақ түреді. 3 айында бала жалпы ортадан қабылданған ашулы үнді айыра бастайды. 3 айдың соңында баладыбысты ойышықтар мен сөйлеген ересектердің дыбыс көзін іздей бастайды. Осылай, көру және есту анализаторларының арасында байланыс туындайды.

2,5 айдан бастап 5-6 айға шейін көру және есту қабылдауы жетіледі, дауыс реакциясы мен қолдың ұстап алу қозғалысы дамиды.

2) 5-6 аптада үлкендерге жауап ретінде бірінші күлімсіреу байқалады. Сондықтан да жымию элеуметтік реакция болып саналады.

3) 2,5-3 айында «жандану кешені» (Н.М. Щеловановтың термині) байқалады. Баланың эмоционалды көрінуіне реакцияның бірнеше түрі кіреді: эмоционалды (жымию), дауыс (былдырлау), қозғалыс (қол, қозғалысы).

4) Алғашқы 3 айда баланың ақылы дамиды, одан жылдың соңында қозғалыс қалыптасады: еңбектеу, жүру. 3-5 аптада ішімен жатып, басын көтеріп, ұстап тұруға талпынады. 2,5-3 айында бірнеше минут ішімен жатып, басын жоғары көтереді.



5) Дауыс реакциясының тууы. 2-4 айында «былдырлау» туындайды. 4-6 айында –гуілдейді, 6 айында - былдырлайды.

Екінші жартыжылдықта дауыс реакцисы жетіледі: балалардакейбір дыбыстарды қайталап сөйлеу талпынысы пайда болады. Бірінші жылдың аяғында алғашқы ойланып айтылған сөздер шыға бастайды.

6) Негізгі қозғалыстардың дамуы: еңбектеу -7 айында, отыра білу – 8 айында, өз еркімен тұру– 11 айында, өз еркімен жүру – 12 айында.



Балаларда заттар мен ойыншықтардың айырмашылығын жаттықтыруда

- ең алдымен таныстар арасында үлкендермен айтылатын затты тануды үйрету керек;
- сосын бөгде адамдар арасында;
- бір белгісі бойынша жақын (көлемі, түсі);
- көп белгісі бойынша ұқсастар арасында (бір түсті, бір көлемді қоңыз және тасбақа).

Түсі, формасы, ұзындығы, материалы бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтардың топта бар болуы қарым-қатыныс қызметтерін дамытуға көмектеседі.

Баламен сөйлескен кезде үлкендер заттардың сипатты белгілерін көрсетуі керек (құстар ұшады, доп сырғанайды және т.б.).



Өмірдің 2 жылында жеке сөздерінің дамуы баяу болады..

1 жыл 6 айында сөздік қорында барлығы 20-30 сөзғана болады.

Балалардың сөзі үлкендердің сөзіне ұқсамайды, оны автономды деп атайды. Бұл айтылыс жетілмеуінен туындаған жеңілдетілген сөздер (би-би, сү (сүт)).

Жеке сөздердің пайда болуынан қарым-қатынас мүмкіндігі артып, бұл сөздік қорын кеңейтеді. 2 жылда 300 сөзге дейін жетеді. Өмірдің 2 жылының аяғында балалар 3-4 сөзден тұратын сөйлем құра бастайды.

Баланың белсенді сөзі үлкендермен қарым-қатынаста қажеттілік туындағанда дамиды. Баланың ыммен, ишарамен көрсетілген өтінішін қанағаттандырмау керек. Алайда оның мүмкіндігін есепке алу қажет.



Қорытынды

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге және еңбекке араласуға дайындау міндетін іске асыруда, баланың жеке басын қалыптастыруға әсер ететін тәрбие, қоғамдық, әлеуметтік орта және тұқым қуалаушылық. перзент сүю — ата-ананың бақыты, олардың қоғам алдындағы табиғи борышы. Ұрпақ жалғастыру — бүкіл тіршілік дүниесінің эволюциялық жемісі. Адам табиғат-тан тыс өмір сүрмейді, олай болса, оның табиғи зақына орай дүниеге ұрпақ әкеледі. Адам өзінің баға жетпес ұрпағы үшін бар жағдайды жасайды.

Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін ғылымда ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі ғалымдар Я.Коменский, Ж.Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруға үндеген болатын.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Санов С. “Науқас адамдарды жалпы күту” Қарағанды, 2013ж.
2. Биназаров Н.Д. “Мейірбике ісінің негіздері” Алматы, 2004ж.
3. Мұратбекова С.Қ. “Мейірбике ісінің негіздері” Астана, 2007ж.
4. Интернет желісі
5. Момынов Е.А. “Мейірбике ісінің негіздері” Шымкент 2006ж.



Назарларыңызға
рахмет!!!

